

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2000 жылғы 27 шілде N 1150. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.31. N 1158 қаулысымен.

Мемлекеттік сатып алу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 47, 422-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген, Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулықта:

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ықтимал өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары;"

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Конкурстық құжаттаманы жасаған кезде тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) тек қана біртектес түрлері мен оларды жеткізу (жұмыс орындау, қызмет көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлуге рұқсат етіледі. Бұл ретте конкурстың жеңімпазы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) әрбір лоты бойынша анықталады.";

31-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүйеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесі;" ;

38-тармақта "ықтимал өнім беруші ұсынған тауар, жұмыс және қызмет көрсету жеткізілімдерінің" деген сөздер "конкурстық өтінімнің деген сөздермен ауыстырылсын ;

54-тармақтың б) тармақшасында "өнім берушілерді және тауар өндірушілерді" деген сөздер "өнім берушілер - тауар өндірушілерді" деген сөздермен ауыстырылсын ;

60 - тармақта :

бірінші абзацында "Отандық ықтимал өнім берушілер мен тауар өндірушілер" деген сөздер "Тауар өндірушілер болып табылатын отандық ықтимал өнім берушілер" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацында "Отандық ықтимал өнім берушілер мен тауар өндірушілерге" деген сөздер "Тауар өндірушілер болып табылатын отандық ықтимал өнім берушілерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

62-тармақта ", пайдалану сипаттамасы мен өнімділігі неғұрлым жақсы құрал-жабдықтарды ұсынатын конкурстық өтінімге" деген сөздер "отандық ықтимал өнім беруші - тауар өндірушінің конкурстық өтініміне, ондайлар жоқ болған жағдайда - сапалық және техникалық сипаттамасы неғұрлым жақсы тауар жеткізілімін ұсынатын немесе жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындаудың неғұрлым жақсы шарттарын ұсынатын конкурстық өтінімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 шілдедегі N 966 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 34 , 304 - қ ұ ж а т) :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1)-1 тармақшасымен толықтырылсын:

"1)-1 заңнамада белгіленген тәртіппен жөңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтау кезінде екі немесе бірнеше конкурстық өтінімнің жиынтық шартты бағалары тең болған жағдайда отандық ықтимал өнім беруші - тауар өндірушінің конкурстық өтініміне басымдық берсін;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі